

«Электрондық қаржы орталығы» АҚ
Басқарма шешімінің
2021 жылғы «29» желтоқсандағы
№53 хаттамасымен
БЕКІТІЛГЕН

**Электрондық тауарлар каталогін
қалыптастыру және ұсыну тәртібі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Электрондық тауарлар каталогін қалыптастыру және ұсыну тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 17-бабының 12) тармақшасына сәйкес әзірленді және электрондық тауарлар каталогі жұмысының негізгі шарттарын қамтиды.

2. Осы Тәртіпте мынадай ұғымдар қолданылады:

1) ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) анықтамалығы (бұдан әрі – АШӨСЖ) – өнім бойынша статистикалық ақпаратты жинау, өңдеу және мемлекетаралық алмасу кезінде бірыңғай ақпараттық тіл ретінде пайдалануға арналған;

2) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) – заңды тұлға (филиал мен өкілдік) және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

3) деректерді жеткізуші – ЭТК-да тіркеуден өткен, жеке тұлға және (немесе) заңды тұлға, филиал, өкілдік;

4) жеке кабинет – тауарды тіркеуге өтінім беруге, тіркеу деректерін қарауға және редакциялауға, берілген өтінімдердің мәртебесін қарауға, сондай-ақ ЭТК хабарламаларын қарауға арналған ЭТК қолданушының жұмыс орны;

5) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) – жеке тұлға, оның ішінде қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы (бұдан әрі – ҰКО) – мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерде электрондық құжаттарды қалыптастыру үшін жеке немесе заңды тұлғаларға электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын және тіркеу куәліктерін беретін куәландырушы орталық;

7) мемлекеттік сатып алу веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – мемлекеттік сатып алудың электрондық қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі;

8) мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – бірыңғай оператор) – Заңның 1-бабының 20) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган айқындаған, акцияларының (жарғылық

капиталға қатысу үлестерінің) жалғыз меншік иесі мемлекет болып табылатын заңды тұлға;

9) мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – мемлекеттік сатып алу саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

10) өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, қызметтердің) анықтамалығы (бұдан әрі – ӨӨСЖ) – өнім бойынша статистикалық ақпаратты жинау, өңдеу және мемлекетаралық алмасу кезінде бірыңғай ақпараттық тіл ретінде пайдалануға арналған;

11) сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы (бұдан әрі – СЭҚТН) – кеден органдары мен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар кедендік операцияларды жүргізу мақсатында қолданатын тауарлар сыныптауышы;

12) тауардың бірегей коды – тауарға оларды сипаттау кезінде берілетін тауардың коды GS1 Kazakhstan жүйесінде – GTIN, ол болмаған кезде KZTIN;

13) тауарлар – нәрселер (заттар), оның ішінде жартылай фабрикастар немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, электр және жылу энергиясы, зияткерлік меншік құқығының объектілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;

14) ілеспе құжаттар – тауарды ЭТК-да тіркеуге арналған өтінім берген кезде деректерді жеткізуші ұсынатын құжаттардың электрондық көшірмелері;

15) экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуіші (бұдан әрі – ЭҚТӨЖ) – экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімді сыныптауға және кодтауға арналған;

16) электрондық тауарлар каталогі (бұдан әрі – ЭТК) – сатып алынатын тауарларды автоматтандырылған сәйкестендіру мақсатында тауарлардың біріздендірілген сипаттамасын қалыптастыруға арналған мемлекеттік сатып алу веб-порталының ақпараттық кіші жүйесі;

17) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

18) ЭТК қолданушысы – тауарлардың деректер жеткізушісі;

19) GS1 – «GS1 Kazakhstan» автоматты сәйкестендіру қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі;

20) GTIN – тауарлардың бірыңғай халықаралық GS1 базасындағы тауар өнімінің жаһандық нөмірі. Жаһандық жеткізілім ағынында таңбалау және логистикалық есеп жүргізу үшін тауарларды автоматты түрде сәйкестендіру мақсатында тарату орталықтарында, бөлшек және көтерме саудада, қоймаларда, бухгалтерлік есепте қолданылады;

21) KZTIN – тауарды тіркеуге арналған өтінімді мақұлдағаннан кейін ЭТК беретін бірегей код.

Осы Тәртіппен көрсетілмеген басқа да ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын мәндерде пайдаланылады.

3. ЭТК ақпараттық жүйесінде ЭЦҚ пайдалану кезінде пайдаланушылар осы Тәртіптерді және «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа алады.

2. ЭТК-ға қол жеткізуді ұсыну тәртібі

4. Барлық қолданушыларға ЭТК ұсыну өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

5. ЭТК мемлекеттік сатып алуға қатысу кезінде олар ұсынатын тауарлардың техникалық өзіндік ерекшелігін қалыптастыру үшін қолданушыларға ұсынылады.

6. ЭТК-дан тауарларды мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 12-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік сатып алу Электрондық тауарлардың каталогінен жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітіледі.

8. ЭТК жүйесінде тіркелу үшін ҰКО, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапы тексерген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің куәландырушы орталықтары жеке және заңды тұлғалар үшін беретін ЭЦҚ талап етіледі.

9. Тіркеуден өту кезінде қолданушы туралы мәліметтер қолданушы сертификатынан автоматты түрде толтырылады, сондай-ақ тіркеу нысанын қолданушының қосымша мәліметтермен (ұйымдардың логотипі, өзекті мобильдік нөмірі, электрондық поштасы) толықтыру мүмкіндігімен қолданушы сертификатының ЖСН/БСН бойынша тіркеу деректеріне сұрау салу орындалады.

10. Пайдаланушы осы Тәртіпке 1-қосымшаға сәйкес міндетті түрде «Пайдаланушы келісіміне» ЭЦҚ-ны көмегімен қол қояды.

3. ЭТК-да тауарды тіркеуге арналған өтінімді беру тәртібі

11. ЭТК қалыптастыру және жүргізу процедурасы мемлекеттік сатып алу веб-порталының кіші жүйесінде <https://e-catalog.gov.kz> адресі бойынша жүзеге асырылады.

12. ЭТК-да тауарлардың сипаттамаларын біріздендіру мақсатында Ұлттық статистика бюросының жіктеуіштері (ЭҚТӨЖ, СЭҚТН, ӨӨСЖ, АШӨСЖ) қолданылды.

13. ЭТК-да тауарларды тіркеу процесі мына кезеңдерден тұрады:

- 1) деректерді жеткізушінің ЭЦҚ көмегімен ЭТК-да тіркелуі;
- 2) деректерді жеткізушінің тауарды тіркеуге арналған өтінімді толтыруы, тауардың бейнесін және ілеспе құжаттарды (бар болса) тіркеу;
- 3) Бірыңғай оператордың өтінімдерді қарауы;
- 4) тауарға KZTIN кодын беру;
- 5) ЭТК-да тауар туралы деректерді орналастыру.

14. Деректерді жеткізуші осы Тәртіпке 2 және 3-қосымшаларға сәйкес тауарды тіркеуге арналған өтінімді мемлекеттік немесе орыс тілдерінде рәсімдейді.

15. Тіркелетін тауарлар «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабының 2-тармағында қарастырылған талаптарға сәйкес келуі тиіс.

16. Тауарға берілетін бейнелер мына талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- 1) тауардың кемінде 3 және 20 файлдан артық емес, әр түрлі бұрыштардан (тауарды бір мәнді сәйкестендіру үшін), jpeg, png форматында бейнесі;
- 2) бейненің ажыратымдылығы 800x600 пиксельден кем емес;
- 3) әр бейненің өлшемі 10 мегабайттан артық емес.

17. Тауарды тіркеуге арналған өтінімде қамтылған ілеспе құжаттар бейненің түсіне қарамастан дәл және анық болуы тиіс. Деректерді жеткізуші ілеспе құжаттарды осы Тәртіптің 14-тармағында көрсетілген басқа тілде ұсынған жағдайда, оларға дәл (нотариалды расталған) аудармасы қоса беріледі.

18. Жүйеге жүктелетін файлдардың мөлшері 20 мегабайттан асқан жағдайда, оларды жүйеге бөліктермен жүктеу қажет, олардың әрқайсысы 20 мегабайттан аспауы тиіс.

19. Тауарды тіркеуге арналған өтінімді ЭТК-ға жөнелту уақыты жүйеде Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша тіркеледі.

20. «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабының 3-тармағында көзделген тауарларды ЭТК-да тіркеуге тыйым салынады.

4. ЭТК қалыптастыру тәртібі

21. ЭТК қалыптастыру мен жүргізуді осы Тәртіпке сәйкес Бірыңғай оператор жүзеге асырады.

22. ЭТК қалыптастыру процесінде бірыңғай оператордың өкілеттіктері:

1) ЭТК ақпараттық жүйесін әзірлейді және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, ол арқылы ЭТК-да тауарды тіркеуге арналған өтінімдерді қабылдау жүзеге асырылады;

2) ЭТК қалыптастыру және ұсыну тәртібін айқындайды;

3) тауарды тіркеуге арналған өтінімдердің осы Тәртіптің талаптарына сәйкестігін қарайды;

4) қажеттілігіне қарай техникалық реттеу туралы заңнамаға сәйкес нормативтік техникалық құжаттың электрондық көшірмесін және (немесе) «СТ-KZ» тауардың шығу тегі туралы сертификаттарды сұратады. Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі №454-НҚ бұйрығымен бекітілген Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларда белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген Тауардың шығу тегі туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасын немесе көшірмесін сұратады;

5) тауарды тіркеуге арналған өтінімді мақұлдағаннан кейін бірегей код береді;

6) тіркелген тауарлар туралы мәліметтерді ЭТК ақпараттық жүйесінде орналастырады;

7) уәкілетті органмен келісім бойынша ЭТК-да ақпараттық толықтыруды жүзеге асырады;

8) ЭТК мәліметтерін өзектендіруді ұйымдастырады.

23. Бірыңғай оператор тауарды тіркеуге арналған өтінімдерді олар келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Тәртіптің талаптарына сәйкестігін қарайды.

24. ЭТК-да тауарды тіркеуге арналған өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша Бірыңғай оператор деректерді жеткізушінің әрбір өтінімі бөлінісінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) мәліметтер мен құжаттар осы Тәртіптің 14, 15, 16, 17-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкес келген жағдайларда қабылданатын растау туралы;

2) растаудан бас тарту туралы, ол мынадай жағдайларда қабылданады:

- осы Тәртіптің 17-тармағында көзделген тауар бойынша дұрыс емес мәлімет беру фактісін анықтау;

- осы Тәртіптің 14, 15, 16-тармақтарында көзделген талаптарға тауар туралы мәліметтердің сәйкес келмеуі.

25. Тауар бойынша қате деректер ұсынылған, сол сияқты тауар туралы толық емес мәліметтер ұсынылған жағдайда, Бірыңғай оператор себебін көрсете отырып, ЭКТ-ға тауарды тіркеуге арналған өтінімді пысықтауға қайтарады және жүйе автоматты түрде жеке кабинетке және қолданушының электрондық поштасына хабарлама жібереді.

26. Деректерді жеткізуші қайтару туралы хабарламаның жеке кабинетке және электрондық поштаға келіп түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тауарды тіркеуге арналған өтінімді сәйкес келтіруге құқылы.

Егер деректерді жеткізуші осы тармақтың бірінші абзацта көрсетілген мерзімдерде тауарды тіркеуге арналған өтінімді жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келтірмеген жағдайда, тауарды тіркеуге арналған өтінім автоматты түрде қабылданбайды. Оны қабылдамағаннан кейін деректерді жеткізуші осы Тәртіпке сәйкес жаңа тауарды тіркеуге арналған өтінімді ұсынуға құқылы.

27. Бірыңғай оператор тауарды тіркеуге арналған өтінімде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында мемлекеттік органдардан, заңды және (немесе) жеке тұлғалардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға құқылы.

ЭТК-да тауарды тіркеуге арналған өтінімді қосымша зерделеу қажет болса, оның қарау мерзімі 15 (он бес) жұмыс күніне ұзартылады, бұл туралы деректерді жеткізушіге қарау мерзімі ұзартылған күні жеке кабинетіне және электрондық поштасына хабарланады.

28. ЭТК тауарды тіркеуге арналған өтінімді мақұлдағаннан кейін тауарға KZTIN бірегей кодын береді.

29. Өртүрлі тұтынушылық қасиеттері (сұрып, салмақ, түр, түс нөмірі, модель нөмірі, өлшем және т.б.) бар тауарларға жекелеген бірегей кодтар беріледі.

30. Тауарды тіркегеннен кейін деректерді жеткізушінің жеке кабинетіне және электрондық поштасына тауарды тіркеу туралы хабарлама жіберіледі.

31. Деректерді жеткізушілер осы Тәртіпке 2 және 3-қосымшаларға сәйкес тіркелген тауар туралы мәліметтерге өзгерістер мен толықтыру енгізуге құқылы.

32. Бірыңғай оператор тіркелген тауар туралы мәліметтерге толықтырулар енгізу туралы өтінімді бірге ұсынылған құжаттарымен осы Тәртіптің 23, 24, 25 және 27-тармақтарына сәйкес көзделген тәртіпте қарайды.

33. Бірыңғай оператор есептілікті, сондай-ақ талдамалық ақпаратты қалыптастыру мақсатында ЭТК-да орналастырылған тауарлар туралы мәліметтерді пайдалануға құқылы.

Электрондық тауарлар каталогін
қалыптастыру және ұсыну тәртібіне
1-қосымша

**ЭКТ ақпараттық жүйесін қолдану туралы
КЕЛІСІМ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Тауарлардың электрондық каталогының ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - Каталог)- электрондық тауарлардың каталогіне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын мемлекеттік сатып алу веб-порталының кіші жүйесі.

1.2. Каталог Иесі (бұдан әрі – Иесі) - Мемлекеттік сатып алу жүйесін реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі.

1.3. Қолданушы – Каталогте тіркелген және Каталог қызметтерін қолданатын кез келген заңды тұлға, филиал, өкілдік және (немесе) жеке тұлға.

1.4. Каталог Әкімшісі (бұдан әрі - Әкімші) - электрондық тауарлардың каталогі саласында бірыңғай техникалық саясатты іске асыруды, Каталогте ақпаратты орналастыруды және алмасуды жүзеге асыруға уәкілетті «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы.

1.5. Осы Келісімде қолданылатын терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес түсіндіріледі.

1.6. Осы Келісімге қол қою арқылы Қолданушы Қазақстан Республикасының Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында белгіленген шектерде Каталогте қолдану, уәкілетті мемлекеттік органдардың сұрау салуы бойынша беру, басқа да ақпараттық интернет-ресурстарда, мерзімді баспасөз басылымдарында және өзге де ашық көздерде орналастыру мақсаттары үшін жалпыға қолжетімді ақпарат ретінде Каталогте өзімен берілген өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және таратуға өз келісімін береді.

2. Келісімнің Мәні

2.1. Осы Қолданушы келісімі (бұдан әрі - Келісім) Каталогте электрондық қызметтерді қолдану және қызмет көрсету шеңберінде өзара қарым-қатынастарды реттеу үшін Иесі, Қолданушы және Әкімші арасында жасалады.

2.2. Осы Келісім жария оферта болып табылады. Каталог материалдарына қол жеткізе отырып, Қолданушы осы Келісімнің барлық шарттарын қабылдаған және оған келісілген болып саналады.

2.3. Осы Келісімді Иесі Қолданушы мен Әкімшінің келісімінсіз біржақты тәртіппен өзгертуі мүмкін. Бұл ретте Иесі Келісімге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы тиісті хабарламаны Каталогте жариялау арқылы Қолданушыға хабарлауға тиіс.

2.4. Қолданушы Каталогті қолдану кезінде Каталогтің басты бетіндегі «Көмек» бөлімінде орналастырылған оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырады.

3. Қолданушының құқықтары мен міндеттері

3.1. Қолданушы:

3.1.1 Каталогті қолдану саласындағы Әкімшіден консультациялық және практикалық көмек алуға;

3.1.2 мемлекеттік сатып алу саласындағы Иесінен әдістемелік ұсынымдар алуға;

3.1.3 Каталогке енгізу үшін тауарды тіркеуге арналған өтінімді беруге құқылы.

3.2. Қолданушының міндеттері:

3.2.1 жүйеде тіркелу және тауарды тіркеуге арналған өтінімді беру кезінде Иесі мен Өкімшісіне дәл және толық ақпарат беру;

3.2.2 өзін басқа заңды немесе жеке тұлға ретінде көрсетпеу;

3.2.3 құпия сөзді құпия сақтау;

3.2.4 қолданыстағы мемлекеттік немесе халықаралық заңдарды қасақана немесе кездейсоқ бұзбау;

3.2.5 Каталогке:

1) Қолданушы заң бойынша немесе қандай да бір шарттық қатынастарға сәйкес жария етуге құқығы жоқ ақпаратты;

2) қолданыстағы заңнаманы, үшінші тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін, құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұзатын ақпаратты;

3) авторлық және (немесе) сабақтас меншік құқықтарын бұзатын ақпаратты;

4) нормативтік емес лексика, экстремистік материалдар туралы ақпаратты және порнография мен зорлық-зомбылықты насихаттайтын, есірткі жасау мен қолдану туралы, өз-өзіне қол жұмсау тәсілдері туралы ақпаратты, келісілмеген акцияларға, санкцияланбаған митингтерге қатысуға шақыруды, мемлекетті, оның рәміздері мен өкілдерін қорлауды, сондай-ақ адамдардың қадір-қасиетін және қоғамдық имандылықты қорлайтын, қандай да бір белгісі бойынша адамдарды кемсітуді, зорлық-зомбылықты, жеккөрушілікті насихаттайтын әдепсіз нысандағы хабарламаларды қамтитын ақпаратты;

5) вирустары немесе басқа да зиянды бағдарламалық қамтылымы бар ақпаратқа және (немесе) материалдарға сілтемелерге ақпаратты орналастырмау.

4. Иесінің құқықтары мен міндеттері

4.1. Иесі:

4.1.1 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы, Сауда қызметін реттеу туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен Қолданушыдан қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

4.1.2 Қолданушы Каталогке ұсынған тауар туралы тіркеу деректерінің, кескіндердің және ілеспе құжаттардың дұрыстығын тексеруге құқылы.

4.2. Иесінің міндеттері:

4.2.1 электрондық тауарлардың каталогі саласында әдіснамалық басшылық көрсету.

5. Өкімшінің құқықтары мен міндеттері

5.1. Өкімші:

5.1.1 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы, Сауда қызметін реттеу туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен Қолданушыдан қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

5.1.2 Қолданушы Каталогке ұсынған тауар туралы тіркеу деректерінің, кескіндердің және ілеспе құжаттардың дұрыстығын тексеруге.

5.1.3 Қолданушы осы Келісімнің шарттарын бұзған жағдайда, Қолданушыға тауарды тіркеуден бас тартуға, Қолданушының есептік жазбасын жоюға немесе бұғаттауға құқылы.

5.2. Өкімшінің міндеттері:

5.2.1 Каталогтің жұмыс істеуін және техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;

5.2.2 электрондық тауарлардың каталогі ақпараттық жүйесінің субъектілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға электрондық қызметтер көрсету тәртібін айқындау;

5.2.3 Қолданушыға Каталогті пайдалану бойынша консультациялық және практикалық көмек көрсету.

6. Келісімнің күшіне енуі

6.1. Келісім Қолданушы Каталогте тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

6.2. Тіркеу Қолданушының тіркеу нысанын толтыру, Қолданушының осы Келісімнің барлық шарттарына келісімін білдіру және тіркеу нысанының деректерін электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қою арқылы Каталогке жіберу жолымен орындалады.

7. Жауапкершілік

7.1. Каталогке кез келген ақпаратты, мәліметтер мен материалдарды орналастыру кезінде Қолданушы өзі орналастыратын материалдардың, мәліметтер мен деректердің мазмұнына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды орналастыру мен пайдаланудың заңдылығына дербес жауапты болады

7.2. Қолданушы өз құпиясөзінің қауіпсіз сақталуы үшін, сондай-ақ оның жария етілуі кезінде орын алуы мүмкін салдарлар үшін дербес жауапты болады, сондай-ақ олардың тауарлар туралы дұрыс емес мәліметтерді ұсынуы, сондай-ақ Каталогте тіркеуге байланысты үшінші тұлғаларға өз деректерін беру нәтижесінде туындаған барлық тәуекелдер мен ықтимал залалды өзіне қабылдайды.

7.3. Қолданушы Каталогте міндетті түрде орналастырылуға жататын материалдардың, ақпараттың, мәліметтердің, есептіліктердің уақтылы орналастырылуына, сондай-ақ Каталогті пайдалану процесінде деректердің уақтылы жаңартылмауына және түзетілмеуіне дербес жауапты болады

7.4. Иесі, Әкімші Қолданушы Каталогте орналастыратын ақпараттың, мәліметтердің, материалдардың мазмұнына, олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі үшін, Қолданушының Каталогте орналастырылған ақпаратты, мәліметтер мен материалдарды қолдану жөніндегі заңсыз әрекеттері үшін, Қолданушының авторлық құқықтарды және үшінші тұлғалардың кез келген басқа құқықтарын бұзғаны үшін жауапты болмайды

7.5. Әкімші Әкімшіге, Иесіне байланысты емес себептер бойынша немесе Каталогке қызмет көрсету бойынша жоспарлы немесе жоспардан тыс іс-шаралар жүргізілген жағдайда туындаған Каталог жұмысындағы техникалық уақытша іркілістер мен үзілістер үшін жауапты болмайды.

7.6. Иесі және Әкімші байланыс желілерінің жұмысындағы уақытша іркілістер мен үзілістер, өзге де осыған ұқсас іркілістер үшін, сондай-ақ Қолданушы Интернетке шығуды жүзеге асыратын компьютердің ақаулары үшін жауапты болмайды.

7.7. Иесі мен Әкімші басқа Қолданушылардың және Каталогтің кез келген басқа қатысушыларының әрекеттері үшін Қолданушының алдында жауапты болмайды.

7.8. Иесі мен Әкімші ұтылған пайданы, қолданудан келтірілген залалды, деректердің жоғалуын немесе қандай да бір басқа материалдық емес ысыраптарды, бедел залалын және осының салдарынан туындайтын өзге де нұқсанды қоса алғанда, кез келген тікелей, жанама залал үшін жауапты болмайды:

7.8.1 Каталогті қолдану немесе қолдану мүмкін еместігі;

7.8.2 Келісім шарттарының өзгеруі;

7.8.3 Қолданушының деректеріне рұқсатсыз қол жеткізу немесе Қолданушы жіберетін немесе серверде сақталатын деректерді өзгерту;

7.8.4. Каталогте көрсетілетін қызметтерге қатысы бар кез келген басқа жағдайлар.

7.9. Қолданушы Каталогтің басқа Қолданушыларының немесе басқа қатысушыларының дербес деректерін Каталогтегі жұмысқа байланысты не болмаса Каталогтегі жұмысы электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметпен байланысты және (немесе) көрсетілген дербес деректерді таратуға байланысты пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады

7.10. Иесі мен Әкімші Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Келісімнің шарттарына сәйкес Каталог арқылы Қолданушының дербес деректерін жинауға, өңдеуге және таратуға жауапты болады.

8. Басқа шарттар

8.1. Қолданушы осымен қарсы болмайды және ақпарат алмасудың белгіленген қағидаларына сәйкес ақпаратты жариялауды және басқа ақпараттық жүйелерге қолжетімділік беруді қоса алғанда, банктік, коммерциялық және дербес деректерді құрайтын мемлекеттік және (немесе) мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерде (дерекқорларда) қамтылған өзі туралы қосымша мәліметтерді Иесінің алуына және өңдеуіне өз келісімін береді.

8.2. Каталог жұмысына қатысты барлық шағымдар, сұраулар, сұрақтар, кез келген өзге хат-хабарлар Каталогтің басты бетінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберілуі тиіс.

8.3. Осы Келісім шеңберінде Қолданушының, Иесінің және Әкімшінің қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

8.4. Қолданушы не өзге қолданушылар Келісім ережелерін бұзған жағдайда, Иесінің және (немесе) Әкімшінің тарапынан әрекетсіздік оларды өз мүдделерін кешірек қорғау үшін тиісті әрекеттер жасау құқығынан айырмайды.

8.5. Материалдарды орналастырумен және (немесе) қолданумен байланысты үшінші тұлғалардан шағымдар түскен жағдайда, Қолданушы аталған шағымдарды өз бетінше және өз есебінен реттейді.

Электрондық тауарлар каталогін
қалыптастыру және ұсыну тәртібіне
2-қосымша

**Тауарды тіркеуге арналған өтінім нысаны
мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінде есепке алу үшін**

р/с	Жолдың атауы	Деректер түрі	Міндеттілік	Жолдың өлшемі	Сипаты
1	GTIN коды	сандық	ия*	8-14	Тауардың GS1коды
2	Артикул	таңбалық	ия*	255	Импорттаушы/жеткізуші берген тауар коды
3	Тауардың атауы (орыс)	таңбалық	ия	255	Мәтіндік жол
4	Тауардың атауы (мем)	таңбалық	жоқ	255	Мәтіндік жол
5	Өлшем бірліктері	сандық	ия	255	МКЕИ анықтамасының коды, өлшем бірлігі / символдық мәні
6	Шыққан елі	таңбалық	ия	255	ISO 3166-1 стандарттағы мемлекеттің коды
7	Өндіріс елі	таңбалық	ия	255	ISO 3166-1 стандарттағы мемлекеттің коды
8	Тауар бірлігі Base/Inner pack/Case	комбобокс	жоқ	255	Base/Inner pack/Case, Inner және Case үшін аталық GTIN және/немесе Артикул көрсету қажет
9	СЭҚТН коды	сандық	ия	10	СЭҚТН коды
* GTIN кодтары/артикулдері міндетті емес тауарлардан басқа					

Электрондық тауарлар каталогін
қалыптастыру және ұсыну тәртібіне
3-қосымша

**Тауарды тіркеуге арналған өтінім нысаны
біріздендірілген сипаттамасын қалыптастыру үшін**

р/ с	Жолдың атауы	Деректер түрі	Міндеттілі к	Жолдың өлшемі	Сипаты
<i>I. Кодификация</i>					
1	Артикул	таңбалық	ия*	255	Импорттаушы/жеткізу ші берген тауар коды
2	GTIN коды	сандық	ия*	8-14	тауардың GS1 коды
3	KZTINкоды	сандық	ия	13	тауардың ЭТК коды
4	ТЖҚ БНА	сандық	ия	15	СКК анықтамасының 15 таңбалық коды
5	ЭҚТӨЖ	сандық	ия	6	ЭҚТӨЖ анықтамасының 6 таңбалық коды
6	ӨӨСЖ	сандық	ия	3	ӨӨСЖ анықтамасының 3 таңбалық коды
7	СЭҚТН	сандық	ия	6	СЭҚТН анықтамасының 6 таңбалық коды
8	МКЕИ	сандық	ия	4	МКЕИ анықтамасының 4 таңбалық коды
9	MPN	сандық	жоқ	255	өндіруші берген коды
<i>II. Идентификация</i>					
1	Тауардың атауы (орыс)	таңбалық	ия	255	Мәтіндік жол
2	Тауардың атауы (мем)	таңбалық	жоқ	255	Мәтіндік жол
3	Түрі	таңбалық	ия	255	СКК анықтамасынан мәтіндік жол
4	Шыққан елі	таңбалық	ия	255	ISO 3166-1 стандарттағы мемлекеттің коды
5	Өндіріс елі	таңбалық	ия	255	ISO 3166-1 стандарттағы мемлекеттің коды
6	Моделі	таңбалық	ия /жоқ	255	Мәтіндік жол

7	Тауар бірлігі Base/Inner pack/Case	комбобокс	жоқ	255	Base/Inner pack/Case, Inner және Case үшін аталық GTIN және/немесе Артикул көрсету қажет
8	Негізгі сипаттамасы 1	таңбалық	ия	255	Мәтіндік жол
9	Негізгі сипаттамасы N	таңбалық	ия	255	Мәтіндік жол
10	Қосымша сипаттамасы 1	таңбалық	жоқ	255	Мәтіндік жол
11	Қосымша сипаттамасы N	таңбалық	жоқ	255	Мәтіндік жол
12	Габариты	сандық	ия	3	3 сандық жол, Ұ х Е х Б
13	Салмағы	сандық	ия	255	Сандық жол, кг
14	Жарамдылық / кепілдік мерзімі	сандық	жоқ	255	Сандық жол, күндері/айлары
<i>III. Сертификация және стандартизация</i>					
1	Сәйкестік сертификаты	таңбалық	ия	255	Мәтіндік жол
2	Тауардың шыққаны туралы сертификат	таңбалық	жоқ	255	Мәтіндік жол
3	СТ-KZ сертификаты	таңбалық	жоқ	255	Мәтіндік жол
4	Индустриальдық сертификаты	таңбалық	жоқ	255	Мәтіндік жол
5	Ұлттық стандарт	таңбалық	жоқ	255	Мәтіндік жол
6	Мемлекетаралық стандарт	таңбалық	жоқ	255	Мәтіндік жол
<i>IV. Бейне</i>					
1	Тауардың бейнесі	jpeg, png	ия	3-20	әр түрлі бұрыштардан, бейненің ажыратымдылығы 800x600 пикселден кем емес, өлшемі10 Мб арық емес
<i>V. Қосымша</i>					
1	Тіркемелер	pdf	жоқ	1-20	pdf форматындағы файлдар (паспорттар, сызбалар, ерекше жағдайлар т.с.с.)
* GTIN кодтары/артикулдері міндетті емес тауарлардан басқа					